



**АРДАГЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ
ЕРЕЖЕСІ**

11 – 21 наурыз 2026 жыл, Шымкент қаласы

1. Жалпы ережелер

1.1. Ардагерлер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты (бұдан әрі – Турнир) Қазақстан шахмат федерациясы ұйымдастыратын спорттық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес келесі мақсаттарда өткізіледі:

- 50+ және 65+ жас санаттары бойынша стандартты (классика), жылдам және шапшаң шахматтан Қазақстан Республикасының чемпиондарын анықтау;
- Қазақстан Республикасында және Шымкент қаласында шахматты дәріптеу.

2. Ұйымдастыру комитеті

2.1. Турнирді ұйымдастыруға жалпы басшылықты Шымкент қаласы әкімдігі, «Қазақстан шахмат федерациясы» РКБ Шымкент қаласы бойынша филиалы, «Қазақстан шахмат федерациясы» РКБ-нің қолдауымен жүзеге асырады;

2.2. Турнирді тікелей өткізу Қазақстан шахмат федерациясының Президиумы бекіткен турнир директорына және төрешілер алқасына жүктеледі.

3. Өткізілу мерзімі мен орны

3.1. Жарыс Шымкент қаласында 2026 жылдың 11 наурыз (келу күні) 21 наурыз (кету күні) аралығында өтеді;

3.2. Мекен жайы: Шымкент қаласы, Маделі кожа көшесі, 1А, Қажымұқан атындағы орталық стадионның солтүстік ғимараты, 3 қабат, шахмат залы.

4. Турнир өткізу шарттары

4.1. Турнир ФИДЕ рейтингтік есебімен өтеді;

4.2. Турнир швейцар жүйесі бойынша 7 немесе 9 турдан (қатысушылар санына байланысты) өтеді, жеребе Swiss-manager компьютерлік бағдарламасы арқылы жасалады;

4.3. Уақыт бақылауы:

«классика» – 90 минут және бірінші жүрістен бастап әрбір жасалған жүріс үшін 30 секунд қосылып отырады;

«жылдам» – 10 минут және бірінші жүрістен бастап әрбір жасалған жүріс үшін 5 секунд қосылып отырады;

«шапшаң» – 3 минут және бірінші жүрістен бастап әрбір жасалған жүріс үшін 2 секунд қосылып отырады.

4.4. Кез келген жас санатында қатысушы саны 10 (он) адамнан аз болса, бұл санаттағы чемпионат айналмалы жүйе бойынша өтеді;

- егер қатысушылар саны 6 (алты) адамнан аз болса, турнир екі айналымнан өтеді

- егер қатысушылар саны 6 (алты) адамнан 10 (он) адамға дейін болса, турнир бір айналым бойынша өткізіледі

- егер қатысушылар саны 11-ден 16-ға дейін болса, турнир швейцар жүйесі бойынша 7 (жеті) турдан өткізіледі

4.5. Турға 30 минуттан артық кешіккен жағдайда ойыншыға жеңіліс қойылады;

4.6. 30-шы жүріске дейін тең ойын ұсынуға тыйым салынады;

4.7. Турнир өткізу барысында ҚШФ Төрешілер-біліктілік комиссиясы тағайындаған Античитерлік комиссия жұмыс істейді. Өз қызметінде комиссия ФИДЕ ережелерін және ҚШФ Античитерлік ережелерін басшылыққа алады.

5. Апелляция

5.1. Турнир басталғанға дейін 3 (үш) негізгі мүшеден және 2 (екі) қосалқы мүшеден тұратын Апелляциялық комитет (АК) сайланады;

5.2. Бас төрешінің шешіміне наразылық (протест) АК-ға партия аяқталғаннан кейін 60 (алпыс) минуттан кешіктірілмей 50 (елу) мың теңге мөлшерінде кепілдік жарнасын төлей отыра жазбаша түрде беріледі;

5.3. Апелляциялық комитеттің шешімі түпкілікті болып табылады;

5.4. Апелляциялық шағым қанағаттандырылған жағдайда апелляциялық жарна толығымен қайтарылады.

6. Кесте

Күні	Уақыты мен іс-шара
11.03.2026	Келу күні, 12:00 – 18:00 – Қатысушыларды аккредиттеу 19:00 – Техникалық кеңес
12.03.2026	15:00 – Ресми ашылу салтанаты 16:00 – 1 тур
13.03.2026	10:00 – 2 тур 16:00 – 3 тур
14.03.2026	16:00 – 4 тур
15.03.2026	10:00 – 5 тур 16:00 – 6 тур
16.03.2026	16:00 – 7 тур
17.03.2026	10:00 – 8 тур
18.03.2026	10:00 – 9 тур
19.03.2026	10:00 Жылдам шахмат – 1-9 тур
20.03.2026	10:00 Шапшаң шахмат – 1-9 тур 16:00 – Ресми жабылу салтанаты
21.03.2026	Кету күні

* турлар кестесін турнирдің төрешілер алқасы өзгетуі мүмкін

7. Қатысушылар мен турнир жарнасы

7.1. Жарыс 50 жастан 65 жасқа дейін және 65 жастан жоғары ерлер мен әйелдер арасында екі жас категориясында өтеді;

7.2. 50-65 жас аралығындағы санатқа 1962 жылдан 1976 жылға дейін туған ерлер мен әйелдер қатысады;

7.3.65 жастан асқан санатқа 1961 жылы туған және одан жоғары ерлер мен әйелдер қатыса алады;

7.5. Қатысушылардың ең көп саны – 100 адам. Өтінімдер ертерек тапсырғандарға басымдық беріледі;

7.6. Турнир қатысушылары турнир жарнасын төлеуден босатылған;

7.6. Жарысқа Қазақстан шахмат федерациясында белгіленген тәртіппен тіркелген (ҚШФ ФИДЕ ID бар), Қазақстан Республикасының азаматтығы бар және Халықаралық шахмат федерациясында Қазақстан шахмат федерациясының атынан шыққан спортшылар қатыса алады.

8. Өтінімдер/тіркелу

8.1. Турнирге қатысуға өтінімдер ҚШФ-ның ресми сайтында «Тіркеу» бөлімінде <https://kazchess.kz/pay> арқылы 2026 жылғы 8 ақпанға дейін қабылданады. Өтінімде жас санаты (50+/65+), аты-жөні (ТАӨ), FIDE ID, телефон нөмірі, өңірі көрсетіліп, сондай-ақ жеке куәліктің көшірмесі қоса тіркелуі қажет.

8.2. Ұйымдастыру комитеті қатысушылардың санына жеткен жағдайда өтінім беру процесін белгіленген күнге дейін жабу құқығын өзіне қалдырады;

8.3. Ұйымдастыру комитеті 2026 жылдың 1 наурызынан кейін тіркеуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады;

8.4. Тіркеуді растау - қатысушыны Chess-result.com сайтындағы старттық тізімге енгізу;

8.5. Аккредиттеуде қатысушылардың болуы міндетті. Қатысушы турнирдің ашылу салтанатына 24 сағатқа дейін ескертусіз келмеген жағдайда, ұйымдастыру комитеті қатысушыны 1-ші тур жеребесіне қоспауға құқылы.

10. Жеңімпаздарды анықтау. Марапаттау

10.1. Жарыс жеңімпаздарын барлық ойындарда жинаған ең жоғары жалпы ұпайлары бойынша анықталады. Екі немесе одан да көп қатысушының ұпайлары тең болған жағдайда, орындар келесі қосымша көрсеткіштер бойынша анықталады (басымдық тәртібімен):

- Бухгольца қысқартылған коэффициенті (ең нашар бір нәтижені есептемегенде);
- Өзара кездесу;
- Бухгольц коэффициенті;
- Жеңістердің ең көп саны;
- Перформанс коэффициенті.

10.2. Турнирдің жүлде қоры – 3 000 000 теңге

10.3. Классикалық шахматтың жүлде қоры:

50 жастан 65 жасқа дейінгі жас санатындағы жеңімпаздар үшін	Ерлер арасында	Әйелдер арасында
1 орын	250 000 теңге	250 000 теңге
2 орын	150 000 теңге	150 000 теңге
3 орын	100 000 теңге	100 000 теңге
65 жастан жоғары санаттағы жеңімпаздар үшін	Ерлер арасында	Әйелдер арасында
1 орын	250 000 теңге	250 000 теңге
2 орын	150 000 теңге	150 000 теңге
3 орын	100 000 теңге	100 000 теңге

10.4. Жылдам шахматтың жүлде қоры (рапид):

50 жастан 65 жасқа дейінгі жас санатындағы жеңімпаздар үшін	Ерлер арасында	Әйелдер арасында
1 орын	60 000 теңге	60 000 теңге
2 орын	40 000 теңге	40 000 теңге
3 орын	25 000 теңге	25 000 теңге
65 жастан жоғары санаттағы жеңімпаздар үшін	Ерлер арасында	Әйелдер арасында
1 орын	60 000 теңге	60 000 теңге
2 орын	40 000 теңге	40 000 теңге
3 орын	25 000 теңге	25 000 теңге

10.5. Шапшаң шахматтың жүлде қоры (блиц):

50 жастан 65 жасқа дейінгі жас санатындағы жеңімпаздар үшін	Ерлер арасында	Әйелдер арасында
1 орын	60 000 теңге	60 000 теңге
2 орын	40 000 теңге	40 000 теңге
3 орын	25 000 теңге	25 000 теңге
65 жастан жоғары санаттағы жеңімпаздар үшін	Ерлер арасында	Әйелдер арасында
1 орын	60 000 теңге	60 000 теңге
2 орын	40 000 теңге	40 000 теңге
3 орын	25 000 теңге	25 000 теңге

10.6. Барлық жүлделерден ҚР заңнамасына сәйкес салық ұсталынады;

10.7. Жүлделер бөлінбейді;

10.8. Жүлдені төлеу спортшының банктік шотына сұралған құжаттарды тапсырған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде теңгеде аудару арқылы жүзеге асырылады;

10.9. Егер спортшының банк шоты болмаса немесе ол бұғатталған болса немесе оның банктік шотына ақша аудару мүмкін болмаса, спортшы өзінің ақшалай жүлдесін алу үшін үшінші тұлғаға нотариалды куәландырылған сенімхат ұсынуы керек;

10.10. Ақшалай жүлделер қолма-қол төленбейді және егер спортшы сұралған құжаттарды турнир аяқталғаннан кейін 10 күнтізбелік күн ішінде ұсынбаса, ұйымдастыру комитеті ақшалай сыйлықты төлеуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

11. Турнир шығындары**11.1. ҚШФ турнирдің келесі шығындарын өтейді:**

- 3 000 000 теңге көлемінде жүлде қорын қамтамасыз ету;
- төрешілер алқасының еңбекақысын төлеу;
- ұйымдастыру комитетінің ішінара шығындарын төлеу;

11.2. «Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы»

- дыбыстық және техникалық құралдармен қамтамасыз ету;
- чемпионаттың ашылуы мен жабылуын ұйымдастыру;
- чемпионаттың ашылуы мен жабылуына арналған музыкалық сүйемелдеу;
- чемпионат кезінде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру;
- чемпионат кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету;
- чемпионат кезінде өрт сөндіру қызметінің кезекшілігін ұйымдастыру;
- турнир залын қамтамасыз ету.

11.3. Қатысушылардың іс-сапардағы шығындарын, жіберуші ұйымдар өтейді.

12. Этика және бейнелерді пайдалану

12.1. Турнирге қатысушылар, жаттықтырушылар және оларды алып жүрушілер спорттық этика нормаларын сақтауға және қарсыластарға, төрешілерге және көрермендерге құрмет көрсетуге міндетті. ҚР азаматтық әкімшілік кодексінде көзделген қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бұзған жағдайда, қатысушыға ескерту жасалады. Тәртіп бұзу қайталанған жағдайда, қатысушы турнирден шығарылады немесе Турнир өтетін жерге келуге тыйым салынады (жаттықтырушылар, ойыншыны алып жүруші адамдар).

12.2. ҚР Азаматтық кодексінің 15-бабы, 145-бабына сәйкес қатысушы Турнирге қатысу арқылы сөзсіз келісімін білдіреді:

- ұйымдастырушың жеке деректерді өңдеуі, соның ішінде Турнирге қатысу процесіне қатысты деректерді жинау, жүйелеу, сақтау және пайдалану;
- қатысушының аты-жөнін пайдалануға, оның байқау нәтижесінде алынған, қатысушы бейнеленген суретін, аудио, бейне және фотоматериалдарын жариялауға, көбейтуге және таратуға;
- көрсетілген материалдарды кез келген тәсілдермен және пайдалану мерзімі мен аумағына шектеусіз, соның ішінде материалдарды өңдеу және үшінші тұлғаларға беру құқығымен пайдалануға.

12.3. бұл келісімді қатысушы белгісіз мерзімге тегін береді, қатысушы (немесе олардың өкілі) осы материалдарды пайдаланғаны үшін ұйымдастырушыдан кез келген түрдегі өтемақыны талап етуге құқығы жоқ

12.4. ұйымдастырушы Турнирдің қатысушының эстетикалық немесе басқа үміттерін қанағаттандырмауы үшін жауапкершілік алмайды.

13. Байланыс ақпараты

Турнир директоры

Супбаев Сейтжамал +7-701-311-55-99

Бас төреші

Ким Сергей +7-777-645-63-83

Турнирдің хатшысы

Мезенцев Иван +7-705-152-48-48